

**«Жас Ұлан» республикалық балалар мен
жасөспірімдер ұйымының бағдарламалық құжаттары**

**Республикалық «Жас Ұлан»
бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелерінің
КОДЕКСІ**

(«Жасұландықтардың» мінез-құлық, оқу мен тәртіп этикасының
қағидалары)

Жалпы ережелер

1) «Жасұландық» ұйым мүшесі болу мемлекет пен ұстаздар тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады.

«Жас Ұлан» мүшесінің оқу, тәрбие, тәртіп, қоғамдық жұмыстарға араласуына жоғары талаптар қойылады және оған үлкен сенім білдіріледі.

2) «Жас Ұлан» ұйымының мүшесі ұйымға қабылданғаннан кейін бір ай ішінде осы Кодекспен жазбаша түрде таныстырылуы керек және тәлімгерлер мен жетекшілер, Ұланбасылар тарапынан ауызша түрде де түсіндірілуі шарт.

**«Жас Ұлан» ұйымы мүшесінің мінез-құлық,
оқу мен тәртібінің жалпы қағидалары**

«Жас Ұлан» ұйымының мүшесі:

1. Өз үйінде:

- 1.1. Отбасылық құндылықтарды сақтауға және ата-баба дәстүрін құрметтеуге;
- 1.2. Ата-анасын сыйлауға және ата-анасының рұқсатымен іс-әрекет етуге;
- 1.3. Бірге туған бауырларын қадірлеуге және олармен санасуға;
- 1.4. Сабақтан тыс және бос уақытын отбасы тәртібіне сәйкес тиімді пайдалануға тиісті.

2. Мектепте:

- 2.1. Мектеп ережелеріне сәйкес іс-әрекет етуге;
- 2.2. Білімін үнемі жетілдіруге және оны тиімді пайдалануға;
- 2.3. Жалпы мектепшілік тәртіп нормаларын сақтауға;
- 2.4. Ұстаздарын құрметтеуге және олардың үмітін ақтауға;
- 2.5. Сыныптастары және «жасұландық» ұйымның өзге де мүшелерімен достық қарым-қатынас орнатуға;
- 2.6. Мәдениетті, сыпайы, адал, кішіпейіл болуға және өтірік айтпауға;

2.7. Өзіне сеніп тапсырылған ұйымның мүлкін (киім, төсбелгі) күтіп ұстауға;

2.8. Зиянды және жағымсыз әдеттер мен іс-әрекеттерден аулақ болуға және сабақ уақытында сыртта жүрмеуге;

2.9. Интеллектуалдық, шығармашылық, мәдени, спорттық жарыстарға қатысуға және өз тәжірибесімен бөлісуге тиісті.

3. Қоғамдық ортада:

3.1. Мемлекет тарапынан бекітілген қоғамдық тәртіп нормаларын сақтауға;

3.2. Театр, кинотеатр, демалыс орындары (парк, жүзу бассейні, спортпен шұғылдану алаңдары), қоғамдық көлік, клубтар мен үйірмелерде (білімін және қабілетін жетілдіру орталықтары) және көшеде сол орындардың бекітілген ережелерін сақтауға және «Жас Ұландық» мәртебелі беделіне нұқсан келтірмеуге;

3.3. Әрқашан көмекке мұқтаж жандарға (ата-әжелер мен кішкентай балаларға) қол ұшын созуға;

3.4. Бейтаныс және күдікті адамдармен (ұйымдар және орталармен де) қарым-қатынас жасамауға;

3.5. Өзгенің жоғалған мүлкін тауып алған жағдайда оны мектеп әкімшілігіне немесе тәртіп сақшыларына тапсыруға;

3.6. Жол жүру ережелерін қатаң сақтауға тиісті.

«Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің салтанатты уәдесі

Біз, жас ұландар,
Ұлы Қазақ елінің ар-намысты ұрпағымыз!
Бабалар дәстүрін құрметтеуге,
Мемлекеттік рәміздерді дәріптеуге;
Туған еліміз, жеріміз, Отанымызды
мақтаныш етуге уәде береміз.
Ата-анамызды қадірлеп;
Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетеміз.
Оқуда озат, еңбекте адал болып;
Салауатты өмір салтын ұстанамыз.
Тәуелсіз еліміздің білімді, жігерлі, парасатты,
отансүйгіш азаматы боламыз деп сендіреміз!

Берілген уәде «Жас Ұлан» қатарына қабылдау салтанатты жиынында міндетті түрде айтылуы тиіс. Жасұландықтар бұл антты жатқа білуі керек.

«Жас Ұлан» ұйымының сөзұраны

1 нұсқа: «Білім. Еңбек. Тәртіп.»

2 нұсқа: «Бала шақтан – болашаққа!»

3. нұсқа: «Жас ұлан – жасампаз ұрпақ!»

«Жас Ұлан» ұйымының идеологиялық сөзтіркестері

1. «Менің жетістігім - елімнің жетістігі!»,

2. «Ел үміті – жас ұлан!»,

3. «Бұл күн – біздің күн!»,

4. «Уақыт босқа кетпесін, бірде-бір күн мейірімсіз өтпесін»

5. «Жасұланнан – жарқын болашаққа!».

«Жас Ұлан» ұйымының өзіндік сәлемдесу жестикуляциясы

«Жасұлан» ұйымының мүшелері бір-бірімен оң қолын жүрек тұсына қойып, басын сәл ғана иіп амандасады. Бұл – біздің ұлттық сәлемдесуіміздің бір нұсқасы.

«Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлері

Жасұландықтардың «Достық Күні» (достық күнін жылына екі мәрте: оқу жылы басталғанда (қыркүйек айының алғашқы жұмасы) және оқу жылы аяқталғанда (мамыр айының екінші жұмасы) өткізсе болады.

Достық күні – «жасұландық» ұйым мүшелері мектеп алдындағы алаңда үлкен шеңбер жасап, бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрады.

Қыркүйектегі Достық күнінде бір-біріне ең жақсы сөздерді айтып, жаз бойы бір-бірін қалай сағынғандығын (домино эффектісі бойынша) айтады, және алдағы оқу жылында достықты, ұйымшылдықты, бірлікті сақтауға уәде беріседі.

Мамыр айындағы Достық күнінде өткен оқу жылы бір-бірінің жеткен жетістіктерімен құттықтап, өкпе-реніштері болса, бір-бірінен кешірім сұрайды.

Достық күнінің соңы үлкен мектепішілік мерекелік шараға (ән айту, би билеу, асханада салтанатты дастарханға отыру) ұласуы керек.

Дәстүрлі шаралар:

(жыл сайын қайталанатын мерекелік-тәрбиелік шаралар)

1. «Жасұланнан – жас шыбық» («экоәлем», «еңбек» бағыттарына сәйкес) маусымы:

Бұл мереке – сәуір айының үшінші жұмасында өткізілуі керек. Осы күні «жасұландық» ұйым мүшелері отанымыздың экологиялық жағдайын сараптау, туған өлкенің тұмса табиғатын көздің қарашығындай сақтау, қоршаған ортаны сүю мен аялауға қатысты ашық сабақтар мен семинарлар өткізеді. Сол күні табиғатқа шығып (мектеп ауласы, бақтар мен бақшалар, өз тұрғын үйлерінің ауласы) тал отырғызу рәсімін жасайды. Және тал-ағаштарды ақтау рәсімін өткізеді.

2. «Жасұланнан – жазға сәлем!» («Салауат», «Атамекен» бағыттарына сәйкес) маусымы.

Бұл мерекені жазғы демалыс уақытында өткізу керек. Яғни қалалық «жасұландықтардың» ауылға баруын, алтын бесік - ауылдың ауасымен тыныстап, қазақы ұлттық тәрбие бойынша атқа мініп, ұлттық ойындармен ойнауын қадағалау керек, ал «ауылдық «жасұландықтардың» жазғы лагерлерге барып, демалуына көбірек мүмкіндік туғызу керек.

Бұл мерекені күз айларында, балалар жазғы демалыстан оралған кезде ұйымдастыру керек. Мереке шарты бойынша, балаларды мамандықтар бойынша топ-топқа бөліп, өнеркәсіп орындары, мекемелер мен органдарға саяхат жасатып, еңбек адамдарымен бетпе-бет жолықтырған жөн. Сонда мектеп қабырғасынан-ақ бала өзінің болашақта қандай мамандық иесі болатынын түйсіне бастайды.

3. «Жас ұлан – жас маман» («Зерде» бағытына сәйкес) маусымы:

Бұл дәстүр – жасұландықтардың өзара достығы мен ұйымшылдығын күшейтеді.

Бұл мерекені қыс айларында өткізген жөн. Балалардың бір-бірімен кітап алмасуын, сонымен қатар қаламгер ағаларымен кездесу ұйымдастырып, қолтаңбасымен кітабын алуын қамтамасыз ету шарт. Бұл кітап мерекесі – «жасұландықтардың» рухани дамуына, ізгіленуіне, ұлт және әлем әдебиеті жаухарларымен танысуына мүмкіндік туғызады.

4. «Жас ұланға – жаңа кітап» («руханият» бағытына сәйкес) мерекесі:

Бұл мерекені қыс айларында өткізген жөн. Балалардың бір-бірімен кітап алмасуын, сонымен қатар қаламгер ағаларымен кездесу ұйымдастырып, қолтаңбасымен кітабын алуын қамтамасыз ету шарт. Бұл кітап мерекесі –

«жасұландықтардың» рухани дамуына, ізгіленуіне, ұлт және әлем әдебиеті жаухарларымен танысуына мүмкіндік туғызады

Жетістіктерге байланысты берілетін төсбелгілер сипаттамасы ұсынылады

«Жас Ұлан» алдына қойған мақсат-мүдделерінің орындалуына зор еңбек сіңірген, ұйымның дамуына, оның насихатталуына септігін тигізген өз мүшелеріне және өзге де тұлғаларға сыйақы ретінде арнайы төсбелгі тағайындайды.

I дәрежелі – «Жас Қыран» төсбелгісі

I дәрежелі төсбелгі «Жас Ұлан» ұйымының мүшелеріне беріледі. Бұл дәрежедегі төсбелгінің түсі – алтын түстес болуы тиіс. Төсбелгі өте тығыз, салмағы бар металлдан жасалуы керек.

Бұл дәрежедегі төсбелгі ұйым мүшелерінің (барлық деңгейдегі) ерекше жетістіктерін марапаттауға арналады. Мысалы, халықаралық білім және спорт олимпиадаларының жеңімпаздарына, әдебиет пен мәдениет саласындағы байқаулардың жүлдегерлеріне, өнертапқыштығы үшін, ғылым мен шығармашылықтағы ерекше табыстары үшін беріледі.

Төсбелгі ұйымның мөрі мен арнайы жасалған куәлікпен қоса тапсырылады.

II дәрежелі – «Жас үміт» төсбелгісі

II дәрежелі төсбелгі «Жас Ұлан» ұйымының мүшелеріне беріледі. Бұл дәрежедегі төсбелгінің түсі – күміс түстес болуы тиіс. Бұл төсбелгі де өте тығыз, салмағы бар металлдан жасалуы керек.

Бұл дәрежедегі төсбелгі ұйым мүшелерінің (барлық деңгейдегі) білім алу ісіндегі ерекше жетістіктерді марапаттау үшін арналады. Мысалы, үздік оқитын және қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан ұйым мүшелеріне беріледі.

Төсбелгі ұйымның мөрі мен арнайы жасалған куәлікпен қоса тапсырылады.

III дәрежелі - «Жас Ұлан мақтанышы» төсбелгісі

III дәрежелі төсбелгі «Жас Ұлан» ұйымының мүшелеріне беріледі. Бұл дәрежедегі төсбелгінің түсі – қола түстес болуы тиіс. Бұл төсбелгі де өте тығыз, салмағы бар металлдан жасалуы керек.

Бұл дәрежедегі төсбелгі ұйым мүшелерінің (барлық деңгейдегі) «Жас Ұлан» ұйымының жұмыстарына белсене араласып, оның дамуына зор үлес

қосқан оқушыларды марапаттау үшін арналады. Мысалы, «Жас Ұлан» ұйымының мақсат-міндеттерін, стратегиясы мен бағдарламаларын насихаттау ісінде белсенділік көрсеткені үшін беріледі.

Төсбелгі ұйымның мөрі мен арнайы жасалған куәлікпен қоса тапсырылады.

«Үздік Тәлімгер» төсбелгісі

Бұл «жасұландықтардың» мектеп қабырғасындағы тәрбиешісі әрі ұйымның үйлестірушісі – тәлімгерлерді марапаттау үшін арналады.

Бұл атақ пен төсбелгі мектептегі «Жас Ұлан» ұйымы жұмысын сәтті ұйымдастырған үздік тәлімгерлерге беріледі.

Төсбелгі ұйымның мөрі мен арнайы жасалған куәлікпен қоса тапсырылады.

«Үлгілі ата-ана» төсбелгісі

Бұл төсбелгі ата-аналарды ұйым жұмысына тартып, олардың осы ұйымға сіңірген еңбегін марапаттауға арналады.

Бұл атақ пен төсбелгі I дәрежедегі «Жас Қыран» төсбелгісінің иегерінің ата-анасына беріледі.

Төсбелгі ұйымның мөрі мен арнайы жасалған куәлікпен қоса тапсырылады.

Атрибутиканы тағу үлгісі

Галстук пен бантты мойынға, төсбелгіні жүрек тұсына тағады.

«Киім – жүріп бара жатқанда да тәрбиелейтін құрал» тенденциясына сүйенсек, галстукты тағу – балалардың өзін таза және тік ұстап жүруіне себепкер болады.

Төсбелгі мен форманы кию күндері: арнайы киімді – салтанатты жағдайларда, төсбелгіні – күнделікті тағуы керек. Төсбелгісі бар оқушының «жасұландық» екенін бірден тану үшін және оқушы да өзін соған сәйкес мәдениетті ұстауы үшін қажетті шара.